

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 242 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 қазандағы N 1086 Қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 16 маусымдағы Заңына сәйкес және асыл тұқымды өніммен (материалмен) қамтамасыз етуде отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 242 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 10, 132-құжат)

мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға қаражат төлеудің ережесінде:

2-тармақ 6) тармақшадағы "арналады" деген сөздің алдынан ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) 11 асыл тұқымды мал шаруашылықтарының (бұдан әрі - асыл тұқымды мал шаруашылықтары) салық және республикалық әрі жергілікті бюджеттерге төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешекті өтеуіне";

2-тарау мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Асыл тұқымды мал шаруашылықтарының салық және республикалық әрі жергілікті бюджеттерге төленетін төлемдер бойынша берешекті өтеуі асыл тұқымды мал шаруашылықтарында 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптасқан және 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген мерзімі ұзартылған берешек бойынша мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Ауылшармині 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы мәртебесі бар және 2003 жылғы 1 қаңтарға дейін оны жоймаған асыл тұқымды мал шаруашылықтарының тізбесін бекітеді. Асыл тұқымды мал шаруашылықтарының бекітілген тізбесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне (бұдан әрі - Салық комитеті) ұсынылады;

2) асыл тұқымды мал шаруашылықтары және тиісті салық органдары бюджеттер мен салық түрлері бөлінісінде асыл тұқымды мал шаруашылықтарында 2000 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалыптасқан және 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өтелмеген берешекті салыстыру актілерін жасайды. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының салық органдары осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан

бойынша жергілікті салық органдарының асыл тұқымды мал шаруашылықтарымен салыстыру актілерінің тізілімдерін бекітеді және оларды Салық комитетіне ұсынады;

3) Салық комитеті Ауылшарминімен бірлесіп, осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттер мен салық түрлері бөлінісінде берешектің сомасын көрсете отырып, үш данада жиынтық салыстыру актісін жасайды және оған қол қояды. Ауылшармині жиынтық салыстыру актісінің бір данасын Қазынашылық комитетіне ұсынады;

4) Салық комитеті Ауылшарминіне асыл тұқымды мал шаруашылықтарының және ақы төлеуге шоттарды толтыру үшін қажетті көрсетілген шаруашылықтарды тіркеу есебінің орны бойынша тиісті салық органдарының деректемелерін ұсынады;

5) Ауылшармині жиынтық салыстыру актісінің негізінде асыл тұқымды мал шаруашылықтары үшін салық берешегін өтеуге ақы төлеуге шоттарды ресімдейді.";

көрсетілген Ережеге 1-қосымшада:

"Адай жылқысы 81 73" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Орыстың ауыр жүк таситын жылқысы 81 73".

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Асыл тұқымды мал шаруашылығын  
дамытуды қолдауға қаражат төлеудің  
ережесіне 3-қосымша

Бекітемін

2004 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(аумақтық салық органының басшысы)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
Салық комитеті

Салық органдарының салық және республикалық  
және жергілікті бюджеттерге төленетін төлемдер бойынша  
берешекті өтеу жөніндегі есеп айырысуларға қатысатын асыл  
тұқымды мал шаруашылықтарымен салыстыру актілерінің

Т І З І Л І М І

(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың атауы)

мың теңге

Р/с|Жасалған және қол қой.|Берешек | Берешек сомасы  
N |ылған салыстыру актісі|пайда |



тама.	лем.	тұқым.	рес.	жер.	бар.	тері	бойынша				
сының	нің)	ды	мал	публ.	гіл.	лығы	_____				
коды	ата.	шаруа.				рес.	жер.	бар.			
	уы	шылы.									
		ғының)									
		атауы									
		СТН-і									
		орна.									
		ласқан									
		жері									

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Жиыны Жиы. Жиы. Жиы. Жиы. Жиы. Жиы. Жиы. Жиы. Жиы.  
ны ны ны ны ны ны ны ны ны

Жиыны: Берешекті республикалық бюджеттен өтеуге ұйғарылатын  
с о м а \_\_\_\_\_ м ы ң \_\_\_\_\_ т е ң г е .

Салыстыру актісін жасаған күн 2004 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
Салық комитетінің басшысы Республикалық бюджеттік бағдарлама  
\_\_\_\_\_ әкімшісінің басшысы

(Т.А.Ә., қолы) \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., қолы)

Тиісті құрылымдық бөлімшенің басшысы

М.О. \_\_\_\_\_  
М.О. \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., қолы)